



ЖАББС директоры:
М.Е. Узақбаев

«Келісілді»

Оқу ісі жөніндегі директорының
орынбасары А.К. Дунасилова

**«Асық ату» үйірмесінің
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ, ЖОСПАРЫ
2024 - 2025 оқу жылы**

Мұғалім: С.Г.Ташпағанбетов

Түсінік хат

Үйірме бағыты: Ұлттық ойын түрлері

Тәрбие бағыты: Асық ойынының түрлерін үйрету арқылы эстетикалық, патриоттық, мәдени тәрбие беру.

Мақсаты: Ұлтымыздың негізсіз ұмтылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту. Асық ойынатұ арқылы оқушыларды дәлдікке мергендікке ептілікке жеңіске деген құштарлыққа, намысқойлыққа, әділдікке баулу. Оқушыларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу, қазақ халқының брендтерін сақтап әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар қатарына қостыруға ой туғызу.

Міндеті: Мектеп базасында дене тәрбиесі сабағында алған білімдерін шыңдап, шеберліктерін қосымша білім беру арқылы әрі қарай дамыту.

Оқушының дарынын ашу. Асық ойынын жетік меңгере алатын тұлға қалыптастыру. Жоспарда асық ойынының жүрістері, ойнау деңгейлігі көрсетілген. Жоспар базалық оқулықтар мен қатар көптеген әдебиеттерден, методикалық журналдардағы қажетті мағұлматтардан жасақталған. Қазіргі ұрпақтың санасынан алыстап бара жатқан бабаларымыздың ұлттық ойын түрлерін әсіресе асық ойынын жандандыру басты міндет болып табылады. Спортқа деген қасиет - оқушының бойындағы сана белсенділігі, таным

белсенділігі, тұма қабілеті.

Ол қабілет мектепте сан алуан ғылыми салалардан білім алу арқылы және тәжірибелі ұстаздардың көмегі арқылы ашылады. Бірақ бала бойындағы қабілет, дарындылық қасиетінің тұқым. қуалаушылық та болуы мүмкін. Ата - бабаның дарын қасиеті ұрпақтан - ұрпаққа берілетіні - өмір ақиқаты. Дегенмен де, спортқа деген дарын қабілеті өздігінен жетілмейді, оған белгілі бір факторлар ықпал жасайды.

- ✓ мектеп өмірі
- ✓ мектептегі оқыту мен тәрбие жұмысы
- ✓ оқушылар мен мұғалімі арасындағы қарым қатынас
- ✓ отбасы жағдайы
- ✓ физиологиялық даму үрдісі
- ✓ білімнің беру сапасы

- ✓ сайыстырға, жастарға қатысу
- ✓ баланы үнемі қызықтырып отыру
- ✓ жеткен жетістіктері арқылы мадақтап отыру, өз

күшіне сендіру Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат мұраттарының ең бастысы өз халқының, өз ұлтының тәжіриебесін жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеу. Ұлттық ойын түрлері қашан да қамқорлықты, оған асқан жауапкершілікпен қарауды қажет етеді. Әсіресе осы ұлттық ойын түрлерін оқыту

жайы, оған жастай баулып тәрбиелеу ісі баршамыздың алдымызға байыпты міндеттер тартады. Осыған орай, мектептен тыс жұмыс орталығында мектеп оқушыларының ұлттық ойын түрлерінен білімін тереңдету, толықтыру

үшін "Асық ату" үйірмесі енгізілді. "Асық ату" үйірмесінің бағдарламасы жыл бойына 216 сағатқа, аптасына 6 сағат, орта сыныптардың оқушылары үшін жасақталған.

Бағдарлама көнеден келе жатырған асық ойынын зерттеп, жаңа әдістері қолдана отырып меңгерту көзделеді. Сонымен қатар мектепшілік үйірме жұмысына арналған жылына 34 сағат, аптасына 1 сағаттық бағдарлама қарастырылған **Оқушы асық ойынын ойнау барысында:**

- тарихын, жүріс, тәсілдерін меңгереді
- ойлау қабілетін арттырады
- ойынды ойнау барысында жаңа әдістерін қарастырады
- өз ойындарына талдау жасайды
- бір - бірінің жаңа тәсілдерін сынай отырып талдайды. **Берілетін білім мен тәрбие және дағды:**
- халқымыздың ұлттық ойындарын бойларына сіңірту
- ұлттық, патриоттық, эстетикалық тәрбие беру
- жаңа әдіс - тәсілдерді жасауды үйрету
- ойын ережесін сақтай білуге үйрету
- ойын жүрістерін дұрыс орындауға бағыт бағдар беру **Өзектілігі:**

Қазіргі замандағы ұлттық ойындардың зияткерлік өнері маңызын түсіну.

Пән аралық байланыс: дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық, математика, физика, сызу, тарих пәндерімен тығыз байланыста.

Үйірмені ұйымдастыру формасы:

Лекция, жарыстар, сайыстарға қатысу.

Болжамы:

Егер үйірме меңгерілсе, онда оқушы сауатты, көркем - эстетикалық біліктілігі дамыған, ойлау қабілеті дамыған ұлттық ойын түрлерін білетін сауатты тұлға қалыптасады.

Оқушы біліміне қойылатын талаптар**Оқушылар білуі тиіс:**

- ойын ережелерін сақтауды
- асық жатыстарының атқаратын қызметтерін
- ұлшақтардың атқаратын қызметтерін
- ұлттық ойын түрлерімен жұмыстана білуі
- ұлттық ойынның ойнау ерекшеліктерін
- ұлтымыздың ойын түрлерін, тарихын білуі тиіс

Оқушылар орындай алуы тиіс:

- ойынның түрлі әдіс тәсілдерін білуі
- атқарылған ойынға талдау жасап, баға бере алуы керек

нәтиже:

Оқыту барысында оқушылар болашақ маман иесі ретінде икемдік, ойынның түрлі әдіс тәсілдерін жетік меңгеріп орындай алады және өз жұмыстарын қортындылап, дәлелдеп береді.

- алдымен баланың ұлттық спортқа, асық ойынына деген қызығушылығы пайда болады
- ойынға деген бейімділігі мен икемділігі қалыптасады
- ойлау қабілеті артады
- өз идеясы, өзіндік пікірі, көзқарасы қалыптасады
- жаңа әдіс тәсілдерді меңгеруде ізденіс пайда болады
- жаңа қабілеттері ашылады
- шеберлік, іскерлік дағдылары шыңдалады
- кәсіби шеберлігі өседі

Асық ату үйірмесінің тақырыптық жылдық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Жалпы саны	Мерзімі
I	АСЫҚ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК	5	
1.1	ҚР-да асықтың тарихына шолу	1	3.09
1.2	Асық дайындығы, спорттық ұлттық ойынды дамыту	2	4,10.09
1.3	Ойынның бірінші түсінігі	1	11.09
1.4	Асық пен танысу	1	17.09
II	АСЫҚ ПЕН ОРЫНДАЛАТЫН ЖАТТЫҒУЛАР	4	
2.1	Иіру жаттығуы	2	18,24.09
2.2	Асықты ату жаттығуы	2	25.09 1.10
III	АСЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ	30	
5.1	Бес асық ойыны	5	2,8,9,15,16.10
5.2	Ханталапай ойыны	5	22,23,29,30.10 5.11
5.3	Атжарыс ойыны	5	6,12,13,19,20.11
5.4	«Арқаласпақ» ойыны	5	26,27.11 3,4,10.12
5.5	«Хан болып шық» ойыны	5	11,17,18,24,25.12
5.6	Барынды сал ойыны	5	28,29.01 4,5,11.02
IV	АСЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ	4	
6.1	«Тәйкі» түрі	2	12,18.02
6.2	«Әлші» түрі	2	19,25.02
V	АСЫҚТЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ	25	
7.1	Өз сақасын таңдау. Сақаларды иіру. Асықты асыққа тигізу	5	26.02 4,5,11,12.03
7.2	Шеңбер бойымен ойнау. Сызық пен ойнау. Мергендік таныту	5	18,19,26,27.03 1.04
7.3	Асық ойынының әдіс-тәсілдері. Сызықтан асуга болмайды. Шеңберге кіруге болмайды	5	2,8,9,15,16.04
7.4	Асықтың бітуі. Қарсылас ойыншыда асықтың бітуі	5	22,23,29,30.04 6.05
7.5	Асық ойнау	5	8,13,14,20,21.05
	БАРЛЫҒЫ	68	